



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 28 тамыз

Қазақстан Республикасының заңнамасындағы дивидендтерді төлеуге байланысты өзгерістер туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына акционерлердің дивидендтер алу бөлігінде олардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған түзетулер енгізілді.

Орталық депозитарийге акционерлік қоғамда немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде қоғамның жай және артықшылық берілген акциялары бойынша акционерге дивидендтерді төлеуге арналған оның өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда талап етілмеген ақшаны есепке алу жөніндегі функциялар бекітілген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасында акционерлік қоғамдардың Орталық депозитарийге алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша дивидендтерді ғана емес, бұрын есептелген бірақ акционердің банктік деректемелері туралы мәліметтердің болмауы себебінен төленбеген дивидендтерді аудару жөніндегі міндеті белгіленген.

Осыған байланысты, 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша дивидендтерді төлеу бойынша берешегі бар акционерлік қоғамдарға Орталық депозитарийге олардың өзекті деректемелері туралы мәліметтердің болмауына байланысты дивидендтер төленбеген акционерлер туралы мәліметтерді жіберу, сондай-ақ дивидендтерді төлеуге арналған ақшаны Орталық депозитарийге аудару қажет.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 3302 452 (1452, 5556)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz